

ҚҰРМЕТТІ МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП АТА-АНАЛАРЫ!!!

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ базасында 5-6 жастағы балалар мектепке дейінгі ұйымға бармайтын және

баратын ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған ТЕГІН

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ жұмыс істейді. Сіздерге:

- 1) (Instagram, Facebook, Telegram) мессенджерлері, телефон арқылы мамандардың консультацияларын;
- 2) Білім беру ұйымының сайтында мәтіндік консультациялар мен бейнероликтерді, шеберлік сыныптарын;
- 3) Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейне – ойындарды ұсынамыз. Консультация алуға мына телефон арқылы жазылуға болады 8 (7142) 22-48-33



Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ
директоры Жақия М.М.

Консультациялық пунктін ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Консультациялық пункт (бұдан әрі – КП) білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде құрылады және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын құрылымдық бірлік болып табылады.

1.2. КП қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. КП қызметінің негізгі мақсаты-мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау, ата-аналарға (занды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және медициналық-консультациялық көмек көрсету.

2. КП қызметін ұйымдастыру

2.1. КП қызметі демалыс күндері 5–6 жас аралығындағы балаларға арналып жүзеге асырылады.

2.2. Балалар толық емес күн тәртібімен қабылданады (үш сағаттық сабақ, балалар ұйықтамайды және тамақтанбайды).

2.3. Балалар сабақта болған уақытта ата-аналарға (занды өкілдерге) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультациялар беріледі.

2.4. Консультациялар офлайн (бетпе-бет), онлайн, топтық немесе жеке форматта өткізілуі мүмкін.

3. КП қызметінің негізгі міндеттері

3.1. Балаларды мектепке оқуға психологиялық, сөйлеу, танымдық және әлеуметтік жағынан дайындау.

3.2. Ата-аналарға (занды өкілдерге) баланы тәрбиелеу, дамыту және оқыту мәселелері бойынша кеңес беру.

3.3. Салауатты өмір салтын насихаттау және аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3.4. Баланың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

3.5. Бала мен ата-ананың өзара қарым-қатынасын нығайтуға ықпал ету.

4. КП құрамына кіретін мамандар

- меңгеруші;
- әдіскер;

- тәрбиеші;
- педагог-психолог;
- логопед;
- қазақтіліпедagogі.

5. Мамандардың қызметі

- **Логопед-баланың** сөйлеу дамуын тексеріп, кемшіліктерін түзету бойынша ата-аналарға көмек көрсетеді, сөйлеуді дамыту ойындары нұсынады.
- **Педагог-психолог-эмоционалды-тұлғалық** мәселелерді анықтап, баланың танымдық процестерін зерттейді, мектепке дайындығын бағалайды.

6. КП қызметінің нысандары

- 6.1. Жеке және топтық консультациялар.
- 6.2. Семинарлар, тренингтер, ата-аналарға арналған практикумдар.
- 6.3. Баланың даму деңгейін диагностикалық тексеру.
- 6.4. Онлайн кеңестер («Виртуалды әдістемелік кабинет», бейнематериалдар, мектепке дейінгі ұйым сайтындағы «Консультациялық пункт» және «Сұрақ-жауап» айдарлары арқылы).

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. КП жұмысының басталуы туралы білім беру ұйымының әкімшілігі хабарлайды.
- 7.2. Ата-аналар (занды өкілдер) консультация алу үшін алдын ала жазылып, белгіленген уақытта баласымен бірге келуге міндетті.
- 7.3. Мамандардың жұмысы арнайы есепке алу журналдарын да тіркеледі.
- 7.4. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен енгізіледі.

«Бекітемін»
Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің Спандияр Кербеев атындағы
жалпы білім беру мектебі» КММ
директоры _____ Жакия М.М.



Консультациялық пункттің Жұмыс жоспары

Қостанай қ. 2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемеге бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) балалардың даму, тәрбие және оқыту мәселелері бойынша жан-жақты психологиялық-педагогикалық көмек көрсету

Міндеті:

- Баланың әр жас кезеңіндегі тұлғалық дамуы мен тәрбиесі мәселелері бойынша кеңес беру.
- Мектеп алды сыныбына бармайтын балалардың жан-жақты тұлғалық дамуын қолдау.
- Ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

Күтілетін нәтиже: Бала тұлғасының дамуы бойынша қажетті нәтижелерге қол жеткізу мақсатында психологиялық-педагогикалық көмекке ата-аналардың қызығушылықтары мен сұраныстарын қанағаттандыру

№	Жұмыс түрі мен формасы	Бағыты	Орындау мерзімі Ескерту
1.	Кеңес беру	Баланы дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету.	Жыл бойы жұмыс кестесіне сәйкес (директор, мамандар, тәрбиешілер)
3	Консультациялар, буклеттер, жадынамаларды безендіру. «Баланы балабақшаға дайындау бойынша ата-аналарға пайдалы кеңестер» Ата-аналарға жадынама «Біз балабақшаға барамыз» «Саусақтарды дамыту» шеберлік сыныбы. «Балаңыз ашуланса не істеу керек?» Баланы тыныштандыру және ынталандырудың әмбебап әдістері «Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді дамыту». Балалардың қақтығыстарына қалай жауап беру керек. Мастер-класс: «Анам жасай алады» «Балаңыздың ұйымшыл болуына көмектесетін 8 кеңес»	Ата-аналарды балаларды дамытуға және бейімдеуге тәрбиелеу. Отбасында қолайлы көзқарастарды қалыптастыру. Ата-аналарды балалардың моторикасын дамыту мәселелері бойынша оқыту. Үйде балалармен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар. Отбасындағы баламен қарым-қатынас бойынша ұсыныстар. Келіспеушіліктерді шешу үшін балалармен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар Үйде балалармен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар. Үйде балалармен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар.	Жыл бойы мектеп сайтында. Педагог психолог Қыркүйек Педагог-психолог Қазан Педагог-психолог Қараша Педагог-психолог Желтоқсан Тәрбиешілер Қаңтар Тәрбиешілер, педагог-психолог Ақпан Тәрбиешілер, педагог-психолог, логопед Наурыз Тәрбиешілер, педагог-психолог, логопед

	«Жақында мектепке»	Балалардың мектепке дайындығы бойынша ұсыныстар	Сәуір Тәрбиешілер, педагог-психолог, логопед
	Балаларды дамыту және мектепке дайындау бойынша ата-аналарға ұсыныстар. Еске салғыштар.	Балалардың мектепке дайындығы бойынша ұсыныстар	Мамыр Тәрбиешілер, педагог-психолог, логопед
4.	Ата-аналарды ашық есік күндеріне, көрмелерге, жиналыстарға, ата-аналар клубына шақыру: «Акелермен, әжелермен»	Өзара әрекетті ұйымдастыру: мектеп және отбасы.	Жыл бойы мектеп пен педагог-психологтың жұмыс жоспары бойынша
5.	Кері байланыс пен ұсыныстарды зерделеу, ата-аналармен жұмыс жасау бойынша кеңестер беру.	Талдау жұмысы, келесі оқу жылына консультативтік пункт жұмысын жоспарлау.	Мамандар